

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 94-97.

**ӘОЖ 340**

## **НЕКЕЛІК КЕЛІСІМ ШАРТТЫҢ БҮГІНГІ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ**

*Едіге Дильназ Мирасбекқызы, 3 курс студенті  
Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары  
ауыл шаруашылығы колледжі*

*Жетекшісі: А.А.Турмаганбетова  
Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары ауыл шаруашылығы колледжі,  
Ақтөбе қ.*

Отбасы қоғамда үлкен роль ойнайды. Отбасы құқығы — отбасы мүшелерінің арасындағы жеке мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін нормалар жүйесін көрсететін, құқықтың бір саласы. Отбасы, ол – баспана әрі тұрақты мекен. Ерлі–зайыптылардың құқықтары мен міндеттері Азаматтық хал актілерін жазу органдарында некеге тұру мемлекеттік тіркелген кезден бастап туындайды.

Некелік келісімшарт соңғы жылдары енген ұғым. Некеге тұрғаннан кейін жұбайлардың мүліктік қатынастарын реттейтін шарт.

Мүлік режимі белгілі бір мүліктің ерлі-зайыптылардың біреуіне (өзіндік мүлік) тиесілі екенін немесе екеуіне де ортақ мүлік болатынын анықтайды. Ерлі-зайыптылар мүліктің режимі мен құқықтық мәртебесін, оның біреуіне тиесілі болуын өзара келісімі бойынша анықтай алады. Мұндай келісім болмаған жағдайда, ерлі-зайыптылар меншігінің заңды режимі некеде тұрған кезде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады.[2]

Дамыған елдердің бәрінде некелеспес бұрын, өзара келісімшартын жасасады. Бұл құжатта азаматтар ажыраса қалатын жағдайда мәміледе неке өмірінің барлық маңызды сәттері ескеріледі: екі тараптың дәулет жағдайы, кәмелетке толмаған балалар кіммен болатынын, рақымсыз жұбайға қандай айып-шара қолдануға болады. Батыс Европада неке шарты арқылы мүліктік қатынастан бөлек, жеке мүліктік емес қатынастарды реттейді [1].

Біздің еліміздегі некеге тұрушы екі жасты бір-біріне толық сенімді деп есептейді, сондықтан алдын-ала дәулет-мүлігін қағазға түсіруді ерсі санайды. Неке шарты елімізде кеңінен таралмаса да, жұбайлар арасында белең алып келе жатқан өзгеріс. Бұған байланысты туындап жататын даулар да аз емес [2].

Ғылыми жұмыстың мақсаты: ерлі зайыптылардың мүліктік қатынастарын реттейтін некелік келісімшарттың бүгінгі қоғамдағы орны мен ролін анықтау

Міндеттері: Шетелдік отбасылық қатынастарды реттейтін заңнамалардағы некелік келісімшарт түсінігіне салыстырмалы талдау жасау. Бүгінгі жастардың осы ұғымға көзқарастарын анықтап, аналитикалық талдау жасау. Қазақстан Республикасы аумағындағы және Ақтөбе қаласындағы некелік келісімшарттардың жасалу деңгейіне шолу жасау.

Тақырыпты зерттеудегі объекті – мүлікпен байланысты және мүлік бойынша пайда болатын ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері болып табылады.

Қазіргі таңда неке қатынастары көңіл аударарлық мәселе болып табылады. Отбасы тарихи категория ретінде өзінің пайда болуы, қалыптасуы және дамуы барысында көптеген өзгерістерге ұшырады деп пайымдай аламыз. Бүгінгі таңда отбасы Конституциямен қорғалады, ал отбасы құқығын зерттеу мен білу заңды әрі қажетті болып табылады. Әрбір тұлға некеге тұрар алдында отбасы құқығының басты қағидалары мен негіздерін анықтап алуы қажет.

Бүгінгі таңда неке келісімшарттарын нақ жасау бұқаралық және жеке болып айқын саналады. Дегенменен, нарықтық қатынастың тым өсуіне, қазақстандықтардың хал-жағдайының өте жақсаруына, жанұялық мүліктік базаның ұлғаюына байланысты неке шартының институты тартымдылыққа және өткірлікке ие бола бастады.

Сөйтіп, американдық сериалдарға көбірек қарайтын жүздеген адамдар келісімшартқа балалар саны туралы ережені, басқа жұбайдың жеке өміріне жұбайлардың қатысу туралы маңызды тәртібін, ішімдікті тұтынудағы және телебағдарламалар мен басқаларды қараудағы қандай да бір шектеуді, тіпті «жұбайлық міндеттемелердің» орындалу жиілігі мен санын қосуды көптен-көп сұрап өтінетін көрінеді. Бірақ некелік шарт тек мүліктік режимді реттейтін шарт

Көптеген қосақтар некеге тұра отырып, қандай да бір мүлікке жан-тәнімен қарамайды, тиісінше, жасалған неке шартының «болашаққа» тигізер зардаптары, кесірі туралы тіпті ойланбайды. Кейбіреулер неке шартын ажырасуға, тиісінше, мүліктерді бөлуге бір қадам жақындататынын түсінеді, біреуде неке шарты адамгершілікке жат қылыққа мықтап итермелейді.

Зерттеліп отырған мәселе алғашқыда көрінгендей оңай болған жоқ. Ол бір мәселені шешу кезінде келесі күрделірек мәселелерді тудырып отырды. Неке мәселесі тек тарихи ғана емес, психологиялық, философиялық, әлеуметтік мәселе болып та табылады. Дегенмен зерттеу барысында кейбір маңызды және жеке қорытындылар шығарылды. Қазақстанда неке шарты көптеген себептер бойынша кең таралмаған [3].

Атап айтатық болсақ:

1. Неке және Отбасы туралы ҚР кодексі заң некедегі жұбайлардың қатынастарын дәлме-дәл реттейді;
2. Неке және Отбасы туралы ҚР кодексі жұбайлардың біреуі шарт ережелерін бұзған жағдайда неке шарты олардың біреуінің жағдайын нашарлата алмайды деген ереже бар;

3. Шарт нормасынан Неке және Отбасы туралы ҚР кодексі нормасы басым құқыққа ие;

4. Неке шарты – жұбайлардың толық, тең құқылы болып табылады.

5. Жастардың ата-анасы неке шарты психологиялық жағынан жағымсыз әсер етеді, деп ойлайды. Қазақстан Республикасының «Неке және Отбасы туралы» жаңа заң қабылданғанға дейін адамдар неке шартын жасаспай-ақ өмір сүріп келді, сонымен қатар олар бұл жас отбасыға ешқандай пайда келтірмейді, тек қана ұрыс-керістің көбеюіне алып келеді, -деп есептейді;

6. Қазақстан Кеңес дәуірінен бері ұмытылмаған тұрақты дәстүрді сақтап келеді. Ислам, христиан және республикамыздағы басқа да діндер ерлі-зайыптылардың өзара құқықтық қатынастар мәселесін басқа да заңдармен шешуді дұрыс деп санамайды;

7. Некеге тұратын адамдардың өздерінің мүлкі (пәтер, автомобиль, бағалы заттар) мен капиталдары (акция, бағалы қағаздар, банктегі шоттар, ЖШС-нің үлестері және т.б.) болған жағдайда ғана неке шартын жасасудың мәні бар;

8. Көбінесе жастар арасында екеудің біреу шарт жасауға ниет білдірсе, екінші тарап оған сенімділік білдіреді, яғни жағымсыз көңіл-күй өмірлік жұбай таңдауына күмән келтіреді.

Неке шартына біздің қоғамның әлі де дайын еместігін мынадан байқауға болады. Мен өзім оқитын колледж студенттерінің 17-18 жастағы 80 студент арасында сауалнама жүргіздім. Сауалнама сұрақтары төмендегідей;

Сіз неке және отбасы заңынан құқықтық сауаттылығыңыз бар ма?

Некеге тұрудың тәртібін білесіз бе?

Некелік келісімшарттың қандай шарт екендігін хабарыңыз бар ма?

Отбасылы болғанда некелік келісімшарт құру ойыңызда бар ма?

Некелік шарт болу керек деген пікірді жақтайсыз ба?

Осы сауалнамалардың қорытындысында мынадай көрсеткіштерге куә болдым:

1 сұраққа 80 студенттің 60 пайызы иә деп жауап берген.

2 сұраққа 89 пайызы білетін болды.

3 сұраққа 25 пайызы ғана шарт туралы хабары болып шықты.

4 сұраққа 98 пайызы жоқ деп жауап берген.

Және соңғы сұрақтың 77 студент, яғни 99 пайызы некелік шартты қолдамайтын болды.

Батыстық «бақыт формуласы» саналатын неке келісімшартының өмірімізге дендей енгеніне де көп уақыт бола қойған жоқ. Оған көбіміздің тіксіне қарайтынымыз тағы да рас. Нотариалдық кеңсе қызметкерлері «некеге тұрушылардың арасында неке келісімшартын жасатсақ деп өтініш жасайтындары өте сирек кездеседі» дейді. Мысалы Ақтөбе қаласындағы 11 мөлтек ауданы мен Әбілқайыр хан даңғылында орналасқан нотариустардың 10-ға жуығын нысанға алдық. ҚР нотариат туралы заңы бойынша нотариустар неке шарты туралы мәлімет беруге құқығы жоқ. Бірақ 10 нотариустың ішінде екі нотариуста ғана соңғы 5 жылда 8 некелік келісімшарт жасалынғаны туралы аздаған жауап ала алдым. Қалған нотариуста бұл шарт туралы айтудан бас тартты.

Қазақстан бойынша некеге тіркелгендердің арасында неке келісімшартына отырған ерлі-зайыптылар саны бір пайыздан аз деген болжам бар.

Тәуелсіз сарапшылар жүргізген сауалнамаларға қарағанда, отбасылардың басым бөлігі жиған-тергендерін алдын ала бөліскілері келмейтінін жан жарымен болашақта ажыраспайтындықтарымен түсіндіреді. Ол да дұрыс. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, заңды некеге тұрғандардың 45 пайызға жуығы кейіннен ажырасатынын көрсетіп отыр. Неке келісімшартына қол қоюға келіскендердің көбі алдыңғы жарымен ажырасқандар екен.

Әрине, некеде тұрған адамдар салмақты сенімге және мөлдір сезімге сүйенеді, бірақ, өмірде күтпеген жәй көп кездеседі: біз бүгін бақыттымыз, ал ертең барлығы керісінше.

Сондықтан адам өзін сенімді сезіну үшін, экономикалық мүдделерін жан-жақты қорғау үшін неке шарты тәрізді қарапайым және тексерілген толыққанды кең мәселеге көңіл бөлмеуге болмайды. Барлық, бар әлемде неке шарттары өте, тым жоғары мағынаға ие. Бірақ, Қазақстанда кейбір тарихи және мәдени мәні бар пікірлер туындап отыр, мысалы, той алдында, тіпті некеде біраз уақыт бірге тұрып, жұбайлық өмірдің материалдық жағын ойлау — бұл тойымсыздық, адамгершілікке жат қылық немесе серікке сенімсіздік таныту болып табылады [2].

Бірақ, бүгінгі таңда бір-біріне тең емес некелер жасалатыны ешкімге де күйі емес — мәселен, жас айырмашылығының тым үлкендігі немесе жұбайлардың бірінің сәтті әрі табысты бизнесі, акциясы немесе қомақты меншігі болады. Сондықтан егер де мәселе бірлескен өмірдің материалдық жағына тірелсе, ол туралы некеге дейін нақ сөйлесу қажет, сонда ғана басқа біреудің есебінен күн кешу деген әсте болмайды. Сөйтіп, проблеманың көп бөлігі өзінен-өзі шешіледі.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Communication Monographs. ISSN:0363-7751E-ISSN:1479-5787
- 2 Амангельды Айталы. По семейным обстоятельствам [Текст]: Мегаполис, -2005. -№30 (243).
- 3 Ынтымақов С. А., Карпушина Т. Д. Отбасы құқығы [Текст]: Алматы: Заң әдебиеті.— 2002.